

"Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жедел басқару орталықтары мен кезекші бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 шілдедегі № 439 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 589 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 28 маусымда № 18921 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жедел басқару орталықтары мен кезекші бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 шілдедегі № 439 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9697 тіркелді, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 15 желтоқсанда жарияланды) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жедел басқару орталықтары мен кезекші бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Штаб-департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Аппаратының басшысы және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Штаб-департаментіне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

E. Тургумбаев

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлік
2019 жылғы 27 маусымдағы
№ 589 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлік
2014 жылғы 17 шілдедегі
№ 439 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Жедел басқару орталықтары мен кезекші бөлімдерінің қызметін үйымдастыру қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Жедел басқару орталықтары мен кезекші бөлімдерінің қызметін үйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі Заңы 11-бабының 25) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Жедел басқару орталықтары мен кезекші бөлімдерінің қызметі тәртібін айқындайды.

2. Ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ПО) Жедел басқару орталықтары (бұдан әрі – ЖБО) мен кезекші бөлімдерінің (бұдан әрі – КБ) қызметі полицияның күштері мен құралдарын барынша шоғырландыру және олардың іс-әрекеттерін үйлестіру арқылы криминогендік жағдайдағы өзгеруіне жедел ден қоюға негізделеді.

Өз қызметін жүзеге асыру мақсатында ПМ ЖБО мен КБ инновациялық, озық компьютерлік технологияларды, радиобайланыс және телекоммуникация құралдарын пайдаланады.

3. Полицияның кезекші жасақшаларының күштері мен құралдарын жедел басқару, қылмыстарға, оқиғаларға, жаппай тәртіпсіздіктерге, табиғи зілзалаға және жедел жағдайдағы басқа да күрделенуіне жедел ден қою бойынша қызметтер мен бөліністердің іс-әрекеттерін үйлестіруге, дағдарыстық жағдайлар туындаған кезде

басқарушылық шешімдерді өзірлеуге және іске асыруға қажетті жедел ақпаратты қабылдауды, өндөуді және есепке алуды автоматтандыру үшін ЖБО-ның аппараттық-бағдарламалық кешені (бұдан әрі – АБК) пайдаланылады.

ЖБО-ның АБК – бұл полицияның күштері мен құралдарын жедел басқаруға, нәтижелерін ұсынуға және қалалардағы (облыстардағы) және республика бойынша қалыптасқан жедел жағдайды бақылауды жүзеге асыруға, келіп түсетін мәліметтерді тиімді жинауга және талдауға, басқарушылық шешімдерді қабылдауда ақпараттық қолдау көрсетуге арналған техникалық жүйелерге біріктірілген, техникалық құралдармен және мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етумен жарақталған мамандар мен басшылар топтарының дербес және ұжымдық жұмысына арналған арнайы ұйымдастырылған жұмыс орындарының кешені.

4. ЖБО АБК көмегімен орындалатын технологиялық процестер:

1) азаматтар мен ұйымдардан келіп түсетін хабарламаларды қабылдауды, тіркеуді және өндөуді (оның ішінде өтініш иесін телефон станциялары базасының мәліметтері бойынша сәйкестендіру, өтініш иесі телефонының тіркелген жерін анықтау, оқиға орнын географиялық ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ГАЖ) картасы бойынша анықтау;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – ПМ) Штаб департаменті (бұдан әрі – Штаб) ЖБО мен облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, елорданың және Көліктегі Полиция департаменттері (бұдан әрі – ПД) арасындағы ақпаратты құруды, жіберуді және өндөуді;

3) электрондық бекеттік ведомость жүргізуді;

4) полицияның кешенді күштері жасағын оқиға орнына жіберуді және келуін бақылауды;

5) полицияның кешенді күштерінің (бұдан әрі – ПКК) патрульдеу бағыттарында қызмет өткеруін ГАЖ картасы бойынша бақылауды;

6) оқиғаны пысықтау туралы анықтамаларды беруді;

7) ЖБО-да пайдаланылатын Біріктірілген деректер банкінің (бұдан әрі – БДБ) клиенттік орны арқылы ақпарат беруді;

8) есептік ақпарат алуды қамтиды.

5. ЖБО мен ПО кезекші бөлімдерінде іс жүргізу кеңсе арқылы белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

6. Облыстардың және Көліктегі ПД ЖБО қызметтік үй-жайларының және кезекші бөлімдерінің үлгі тізбесі, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары (бұдан әрі – ҚАЗПО) кезекші бөлімдерінің қызметтік үй-жайларының үлгі тізбесі, ҚАЗПО кезекші бөлімінің үлгі сыйбасы осы Қағидаларға 1,2-қосымшада көрсетілген.

7. ПМ Штаб ЖБО жедел ақпаратты жинау және өндөу бойынша ішкі істер органдарын бірыңғай жедел басқару жүйесінің үйлестірушісі болып табылады.

8. ЖБО және ПО кезекші бөлімдерінің қызметі қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін нақты ара-жігін ажырату негізінде жүзеге асырылады.

9. Кезекші бөлім жұмысының негізгі қағидаттары ұдайы жауынгерлік әзірлік, қызмет көрсетілетін аумақта жедел жағдайды білу, занұлықты, құпиялылық режимін сақтау, қызметтік құпияны, нормативтік құқықтық актілердің талаптарын орындау, азаматтармен сыйайы және әдепті ұстau болып табылады.

2-тaraу. Ішкі істер органдары Жедел басқару орталықтары мен кезекші бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі

10. ЖБО мен ПО кезекші бөлімінің жұмысын олардың бастығы немесе қойылған міндеттердің орындалуына жауап беретін оны алмастыратын адам ұйымдастырады және:

1) кезекшілікке түсетін кезекші ауысымның қызметті өткеруге әзірлігін және оған жүктелген міндеттерді тиімді орындаудың қамтамасыз етеді;

2) ЖБО және Кб жұмысын жетілдіру ЖБО және Кб қызметкерлері қызметтік жұмысында жол беретін кемшіліктер мен заң бұзушылықтар туындау себептері мен жағдайын анықтау және жою мақсатында оның жай-күйін талдайды;

3) ЖБО және Кб қызметкерлерін дұрыс іріктеуді, орналастыруды және оқытуды жүзеге асырады, оларды тағайындау, лауазым бойынша ауыстыру және босату, жазалау және көтермелей, кезекті (кезектен тыс) арнайы атақ беру туралы ұсыныстарды белгіленген тәртіpte енгізеді;

4) кезекшілікке түсетін жасаққа тәулік сайын нұсқама өткізуі қамтамасыз етеді және ауыстыратын кезекші ауысым жұмысының қорытындысын шағырады;

5) ЖБО және Кб, бағынысты полиция органдарының жұмысын, оның ішінде олардың кезекші тәулікте қылмысты ашуын ұйымдастыруды бақылайды;

6) ЖБО және Кб қызметкерлерінің орындауга келіп түскен аумақтық және жоғары тұрған полиция органы бастығының өкімдері мен нұсқауларын дұрыс және уақтылы орындалуын бақылайды;

7) жедел жағдай күрделенген, ауыр және аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалған кезде, сондай-ақ ірі қофамдық-саяси және өзге іс-шаралар өткізу кезінде ішкі істер органдарының мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасасуы жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

8) бағынысты полиция органдары ЖБО-дан және Кб-дан келіп түсетін жедел ақпараттың толықтығын және шынайылығын тексеруді жүзеге асырады;

9) техникалық қызмет бөліністерімен бірлесіп ЖБО және Кб қызметкерлерін, сондай-ақ өзге де қызмет қызметкерлерін ЖБО АЖО шығарылған жұмыс орындарында жұмыс дағдыларына оқытуды ұйымдастырады;

10) материалдық-техникалық құралдарды, артехқару-жарақ мулкін, қызметтік құжаттаманы (оның ішінде электронды түрдегі), автокөлікті және байланыс

құралдарын дұрыс және мақсатты пайдалануды, сондай-ақ сақталуын бақылайды, оларды пайдалану мерзімі өткен жағдайда уақтылы ауыстыруды үйымдастырады;

11) ЖБО және Кб қызметкерлерінің құпия құжаттармен жұмыс істеу кезінде белгіленген құпиялылық режим талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді;

12) ЖБО және Кб құрылымы мен штаттары өзгергені туралы басшылыққа ұсыныстар енгізеді;

13) ЖБО және Кб қызметкерлерінің зандылықты сақтауын, жеке құрамның қызметтік даярлығын үйымдастыруды қамтамасыз етеді.

11. ЖБО-ның, ПО кезекші бөлімінің бастығы ауысқан кезде ПО бастығы не оны алмастыратын адам бүйрықпен белгіленген нысандағы актіні құрастыра отырып, қызметтік құжаттама мен мүлікті қабылдан-тапсыруға қатысу үшін құрамында кемінде 3 адам болатын комиссияны тағайындаиды.

12. Жедел кезекші немесе оны алмастыратын адам кезекші ауысымның аға қызметкери болып табылады.

13. Ішкі істер органы бойынша тәуліктік нарядқа кезекші ауысымнан басқа кезекші жедел тергеу тобы (бұдан әрі – КЖТТ) қосылады. ПД бастығының немесе оны алмастыратын адамның шешімі бойынша тәуліктік наряд қосымша күштермен және құралдармен күштейтілуі мүмкін.

ҚАЖПО-да ЖБО-ның шығарылған жұмыс орны болған кезде кезекші ауысымның құрамына бейнебақылаудың инспектор-кезекшісі, күштер мен құралдарды басқару тобының инспекторы қосымша тағайындалады.

14. Кезекшілікке түсетін ауысым кезекшілікке ол басталғанға дейін 1 сағат (сағат 08-00-де) бұрын келеді. Кезекшілік уақытында қызметкерлерге тамақтану және қысқа мерзімді демалыс үшін әрқайсысина жалпы ұзақтығы: үш ауысымдық кезекшілікте – 6 сағат, төрт ауысымдық кезекшілікте – 4 сағат кезек-кезек үзіліс беріледі.

Кезекшілік аяқталғаннан кейін ЖБО және ПО кезекші бөлімінің штаттық қызметкерлеріне тиісінше 48 немесе 72 сағат, тәуліктік кезекшілікке жұмылдырылған басқа қызметкерлерге – 24 сағат демалыс беріледі.

Сондай-ақ қажет болған жағдайда ЖБО қызметкерлері 12 сағаттық (күндіз/түнде 48 сағат) жұмыс режиміне ауыстырылуы мүмкін.

Тамақтануға және демалуға арналған үзіліс уақытын ЖБО, кезекші ауысым бастығы не оны алмастыратын адам жеке кесте бойынша белгілейді.

ЖБО және Кб қызметкерлері демалыс кезеңінде 24 сағат өткеннен кейін (4 ауысымдық жұмыс режимі кезінде) қызметтік қажеттілік кезінде мерзімі 8 сағаттан артық емес өзге қызметтік міндеттерді орындауға (қофамдық тәртіпті сақтау және т.б.) тартылуы мүмкін.

15. Ауысу уақытында кезекшілікті тапсыратын ЖБО-ның, ПО кезекші бөлімінің жедел кезекшісі не оны ауыстыратын адам кезекшілікке түсетін ауысымды қызмет көрсететін аумақтағы жедел жағдаймен, ауыр қылмыстарды ашу және ПО

басшылығының бақылауында тұрған төтенше оқиғалардың салдарын жою бойынша өткізілген іс-шаралар, арнайы жедел жоспарлардың енгізілгені және ол бойынша іс-әрекет нәтижелері, тұрақты бақылауды орнатуды қажет ететін алдағы уақыттағы іс-шаралар туралы таныстырады.

16. ЖБО, ПО кезекші бөлімінің кезекшілікке түсетін кезекші ауысымы лауазымдық нұсқаулықтарды бөлуге сәйкес ауыстыратын қызметкерлерден:

1) тізімдеме бойынша қызметтік құжаттаманы, оның ішінде құпия құжаттаманы, хабарландыру сигналдары бар пакеттерді және өзге де нормативтік актілерді;

2) тізімдемеге сәйкес қаруды, оқ-дәрілерді, арнайы құралдарды, ұйымдастырушылық техниканы, байланыс, қорғау құралдарын және басқа да мүлікті қабылдайды, ол туралы қабылдаған қызметкер осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Кезекшілікті қабылдау және тапсыру туралы баяннattар кітабында (бұдан әрі – Баяннattар кітабы) жазба жасайды.

Қару мен техникалық құралдардың ақаусыз болуына және жасақталуына ерекше назар аудара отырып, олардың данасы және нөмірлері бойынша тексеріледі.

17. Кезекшілікке түсетін кезекші ауысымның жедел кезекшісі анықталған барлық кемшіліктер туралы Баяннattар кітабында жазба жасайды және ауыстыратын кезекші ауысыммен бірлесіп, оларды жою бойынша шаралар қабылдайды.

18. Кезекшілікті қабылдағаны және тапсырғаны туралы кезекшілікке түсетін және ауыстыратын кезекші ауысымдардың жедел кезекшілері ЖБО, ПО кезекші бөлімінің бастығына немесе оны алмастыратын адамға жеке баяндайды.

19. Жедел кезекші белгілі бір іс-әрекеттер орындайтын ЖБО-ға, ПО кезекші бөліміне келіп түсетін қызметтік сипаттағы барлық ақпарат осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жедел кезекшінің жазбаларына арналған дәптерге (бұдан әрі – Жазбаларға арналған дәптер) енгізіледі.

Осы дәптерден тыс қызметтік сипаттағы жазбалар жазуға тыйым салынады.

20. Кезекші ауысымның жеке құрамы қызметін күнделікті (маусым бойынша) нысанда, мереке күндері – осында жағдайлар үшін белгіленген киім нысанында өткереді және оларда өздерімен бірге қызметтік куәлік, сондай-ақ лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген, суреті бар төс бейдже болады. Аға және орта басшы құрам адамдарында қосымша жеке нөмірі бар жетон болады.

21. ЖБО кезекші бөлімінің, кезекші бөлімдердің және КЖТТ қызметкерлері жаракталған екі магазині бар тапанша қабы бар қарумен, ал жедел жағдай күрделенген кезде полиция органы басшылығының жазбаша нұсқауы бойынша – автоматтармен, басқа қару-жарақпен, арнайы құралдармен, сондай-ақ жеке қорғаныс және белсенді қорғаныс құралдарымен қаруланды.

22. Кезекші ауысымның жеке құрамы, КЖТТ оқиға орнынан шығуды қажет ететін жағдайларды қоспағанда, ұдайы жұмыс орнында болуы тиіс.

23. Кезекші ауысымның жеке құрамы, КЖТТ оқиға орнынан шығуды қажет ететін жағдайларды қоспағанда, ұдайы жұмыс орнында болуы тиіс.

ЖБО-дан, кезекші бөлімнен кетіп қалған кезде жедел кезекші немесе оны алмастыратын адам неғұрлым дайындалған қызметкердің біреуін ауысымның жетекшісі етіп тағайындейді. Мына жағдайлардан басқа ЖБО-да, кезекші бөлімде кезекші ауысымның бір қызметкерін қалдыруға жол берілмейді:

- 1) кезекшілікті қабылдау-тапсыру туралы бастыққа баяндау;
- 2) тікелей басшының жедел жағдайдың жай-күйі туралы баяндау үшін шақыруы.

24. Жедел кезекші болмаған уақытта құпия құжаттар сақталатын үй-жай оның жеке нөмірлік мөрімен мөрленеді және ашқаны туралы комиссиялық акт толтыра отырып, тек шұғыл жағдайларда ғана ашылады.

Құпия құжаттарды қару сақталатын бөлмеде немесе жабдықталмаған басқа да бөлмеде сақтауға жол берілмейді.

25. ЖБО-ға, ПО кезекші бөліміне қайтып оралғаннан кейін жедел кезекші немесе оны алмастыратын адам ауысымның аға қызметкерінен ол болмаған уақыттағы жедел жағдайдың өзгеруі, басшылықтан келіп түскен нұсқаулар және оларды орындау бойынша қабылданған шаралар туралы баяндамасын қабылдайды.

26. ЖБО, ПО кезекші бөлімі қызметкерлеріне, сондай-ақ ПО-ның басқа да қызметкерлеріне ЖБО-ның, кезекші бөлімнің автокөлігін және басқа да мүлікті тікелей мақсаттан тыс пайдалануға, байланыс құралдары арқылы қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты емес сөйлесулер жүзеге асыруға жол берілмейді.

27. ПО басшылығы келгеннен кейін жедел кезекші немесе оны алмастыратын адам белгіленген тәртіппен жедел жағдай туралы баяндайды.

28. Жедел кезекші немесе оны алмастыратын адам жоғары тұрған ішкі істер органдарының, әкімдіктердің, прокуратура органдарының басшыларына, сондай-ақ тексерушілерге өзін таныстырып, олардың келгені туралы ПО бастығына немесе оны алмастыратын адамға баяндайды және ПО-ның әкімшілік ғимараты бойынша олармен ілесіп жүреді.

29. Жоғары тұрған полиция органдарының қызметкерлері, прокуратура жұмыскерлері тексеріс жүргізген кезде жедел кезекші немесе оны алмастыратын адам олардың талап етуінің ұйғарымы немесе ережесі бойынша қажетті қызметтік құжаттаманы ұсынады, тексеріспен байланысты басқа да тапсырмаларды орындауды қамтамасыз етеді.

Жедел кезекшіні немесе оны алмастыратын адамды кезекшілікті өткеруден ПО-ның бастығы, не болмаса оларды алмастыратын адам шеттете алады. Кезекші ауысымның басқа қызметкерлерін кейіннен ПО бастығына баяндай отырып, ЖБО-ның, ПО кезекші бөлімнің бастығы шетте алады.

30. ЖБО, ПО кезекші бөлімі кезекші ауысымының жұмысы лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес мынадай өлшемшарттар:

- 1) зандылық пен құпиялыштық режимін сақтау;
- 2) жедел жағдайды, өзінің құқықтары мен міндеттерін, ЖБО және кезекші бөлімдерінің қызметтін регламенттейтін нормативтік актілерді білу;
- 3) ПКК және КЖТТ-ны жедел және сауатты басқару, қылмыстық құқық бұзушылықтарды "ізін суытпай" ашу, жедел жағдай курделенген және дағдарыстық жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауда оларды үйлестіру;
- 4) іздестіру және анықтамалық ақпаратты қабылдау, өндеге және беру сапасы (өндөлген сұрау салулар саны);
- 5) қылмыстар мен оқиғалар туралы келіп түскен хабарламалар мен өтініштерге уақтылы ден қою, азаматтардың қайта өтініш білдіруінің болмауы;
- 6) келіп түсетін жедел ақпаратты өндеге сапасы мен уақтылығы, оларды жоғары тұрған инстанцияларға уақтылы беру;
- 7) техникалық құралдарды кәсіби тұрғыдан ұстай білу және ЖБО-ға және кезекші бөлімге жүктелген міндеттерді шешуде оларды тиімді пайдалану;
- 8) қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуда және әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауда сыртқы бейнебақылау камераларын қолдану тиімділігі;
- 9) өтініштер мен хабарламаларды қабылдау кезінде дөрекілік таныту туралы азаматтар шағымдарының болмауы.

Телефон бойынша ішкі істер органдары қызметкерлеріне шағым келіп түскен кезде жедел кезекші (ауысымның аға қызметкері) өтініш иесіне ПМ Өзіндік қауіпсіздік департаментінің Бірыңғай сенім телефонының нөмірін (14-02), тиісті бөлініс басшысының қызметтік телефонының нөмірін. Қабылдау күндері мен уақытын айтады, сондай-ақ жазба өтініш жолдау тәртібін түсіндіреді.

- 10) азаматтардың өтініштері мен хабарламаларын өндеге сапасы мен жеделдігі;
- 11) GPS жүйелерін пайдалану тиімділігі, жасақшалардың патрульдеу бағытынан жалтарудың анықталған фактілерінің саны, жасақшаларды, күштер мен құралдарды орналастырудың электрондық картасына түсірудің уақтылығы;
- 12) қызметтік құжаттаманың, қарудың, оқ-дәрілердің, арнайы құралдардың, қорғаныс және байланыс құралдарының, компьютерлік және ұйымдастырушылық техниканың сақталуын қамтамасыз ету;
- 13) киім нысанын сақтау, қызметтік үй-жайлардың санитарлық жай-күйі, ЖБО-ға және Кб-ге бекітілген автокөліктің және басқа да мұліктің техникалық жай-күйі бойынша бағаланады.

31. ЖБО-ның, ПО кезекші бөлімінің жұмыс нәтижелері ПО бастығының немесе оны алмастыратын адамның жаңындағы жедел кеңестерде тоқсан сайын қаралады.

ЖБО және ПО кезекші бөлімдері қызметтінің нәтижелері туралы мәлімет жоғары тұрған ішкі істер органына тоқсан сайын осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес ұсынылады.

3-тарау. Жедел жағдай туралы ақпаратты жинау, өндөу және ПО басшылығына баяндау тәртібі

32. ЖБО-ның, ПО кезекші бөлімінің жедел кезекшісі (аға инспекторы) қызмет көрсететін аумақтағы жедел жағдай туралы мәліметтерді үздіксіз жинайды, өндейді және олардың негізінде тәулік сайынғы жедел ақпарды дайындауды.

33. ЖБО-ның, ПО кезекші бөлімінің жедел кезекшісі (аға инспекторы) жедел жағдай туралы мынадай мәліметтерді:

1) жасалған қылмыстар, құқық бұзушылықтар мен басқа да оқиғалар, іздестірудегі қылмыскерлер, шартты түрде сottалғандар, шартты түрде босатылғандар, хабар-ошарсыз жоғалғандар, жоғалған мүлік туралы;

2) қоғамдық тәртіпті сақтауға және жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын ПКК күштері мен құралдары туралы;

4) уақытша ұстау изоляторларында (бұдан әрі – УҮИ), белгілі бір тұрғылықты жері, құжаттары жок адамдарға арналған қабылдау-тарату орындарында, әкімшілік қамауға алынған адамдарды ұстауға арналған арнайы қабылдау орындарында ұсталатын адамдардың саны мен санаттары туралы;

5) Қазақстан Республикасының өкілдік билік депутаттарын сайлауға дайындалу және өткізу күндері үгіт пункттерінің, сайлау участеклерінің орналасқан жерлері мен осыған байланысты өткізілетін іс-шаралар туралы;

6) өткізілетін немесе алдағы уақытта болатын қоғамдық-саяси және өзге де бұқаралық іс-шаралар, ірі сот процестері, діни рәсімдер мен жедел жағдайға ықпал етуі мүмкін басқа да факторлар туралы білуі тиіс.

34. Жедел ақпараттың үлгі тізбесінде көрсетілген қылмыстың жасалғаны немесе төтенше жағдай туралы жедел кезекші (аға инспектор) полиция органдарының бастығына дереу баяндайды, жазбаша хабарлама дайындалап, оны орган бастығына немесе оны алмастыратын адамға қол қоюға ұсынады және белгіленген тәртіппен инстанцияларға жібереді (береді).

35. Жедел кезекші (аға инспектор) жеделхаттар, телефонограммалар, факсимильдік хабарламалар келіп түсken (жөнелтілген) кезде:

1) келіп түсken (жөнелтілген) жеделхаттарды, телефонограммаларды, факсимильдік хабарламаларды осы Қағидаларға 6, 7, 8, 9-қосымшаларда келтірілген Кіріс және шығыс факсимильдік хабарламаларды, жеделхаттарды, телефонограммаларды және хат-хабарларды есепке алу журналдарында тіркейді;

2) жасалған қылмыс (оқиға) туралы жеделхаттарды, телефонограммаларды, факсимильдік хабарламаларды орган бастығына және оның орынбасарларына дереу баяндайды және алынған нұсқауларды орындауды ұйымдастырады.

Басшылық болмаған жағдайда, құжаттың мазмұнына қарай, тиісті қызметтердің басшыларын тез арада таныстыруға шаралар қабылдайды;

3) орган бастығына немесе оны алмастыратын адамға келіп түскен криминалдық сипаты жоқ жеделхаттарды, телефонограммаларды, факсимильдік хабарламаларды баяндайды, одан кейін Қіріс және шығыс жеделхаттарды, телефонограммаларды, факсимильдік хабарламаларды есепке алу журналдарына қол қойғызып, ПО кеңсесіне орындаушыға тапсыру үшін береді.

36. Криминалдық сипаттағы бағдарлар осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес Бағдарларды есепке алу журналына тіркеліп, ЖБО-да, органның кезекші бөлімінде сақталады, пошта бойынша қағаз тасымалдағышта келіп түскендер жинақ-папкаларға тігіледі, олардың күші жойылған соң алынады және белгіленген тәртіппен номенклатуралық іске тігіледі.

Іздестіру іс-шаралары аяқталғаны туралы криминалдық полиция қызметкерлері күн сайын кезекші бөлімді және тиісті бағдар берілген барлық адресаттарды (қызметтерді) ақпараттандырады.

37. Кезекші бөлімнің байланыс арналары арқылы беру үшін жеделхаттарды, телефонограммаларды, факсимильдік хабарламаларды алған кезде ЖБО-ның, ПО кезекші бөлімінің жедел кезекшісі (ага инспекторы) оларды шығыс жеделхаттарды, телефонограммаларды, факсимильдік хабарламаларды есепке алу журналдарында тіркейді және тез арада беруді ұйымдастырады.

Тұпнұсқаға оның жіберілгенін және адресаттың алғанын растайтын жазба жасалады.

38. ЖБО-ға, ПО-ның кезекші бөліміне жұмыстан тыс уақытта (тұнгі уақытта) хат-хабарлар жеткізілген кезде жедел кезекші оны қабылдайды, Қіріс жеделхаттарды, телефонограммаларды, факсимильдік хабарламаларды есепке алу журналдарына тіркейді, орама мен (сургұттағы немесе қағаз жапсырмадағы) мөр бедерлерінің тұтастығын тексереді, мөр немесе мөртаңба қойып, тапсыру тізілімінде (тарату кітабы немесе қолхат) оны алғаны туралы қол қояды, содан кейін көрсетілген журналға қол қойып, кеңсеге береді.

39. Құпия, аса құпия пакеттің бүлінгені анықталған кезде жедел кезекші (ага инспектор) пакетті жеткізген адамның қатысуымен акт жасайды, бұл туралы тізілімде (тарату кітабында немесе қолхатта) тиісті жазба жасалады. Акттің бір данасы пакетті женткізген адамға беріледі.

Пакеттің бүлінгені оған салынған құжаттың мазмұнымен танысуға мүмкіндік беретін жағдайларда, жедел кезекші (ага инспектор) бұл туралы орган бастығына немесе оны алмастыратын адамға тез арада хабарлайды.

4-тaraу. ПКК жасақшаларын дайындау және оларды жедел басқару тәртібі

40. ПКК-ға жасақшага түсетін қызметкерлер келгеннен кейін ЖБО және кезекші бөлімнің жедел кезекшісі (ага инспекторы):

1) ПКК-ның патрульдік-бекеттік жасақшаларын орналастыру кітабындағы жазбаларға сәйкес жеке құрамның бар-жоғын тексереді;

2) жеке құрамды жасалған қылмыстар, іздестірудегі адамдар мен ұрланған мүліктің белгілері туралы бағдарлармен таныстырады.

41. Полиция органы бастығының немесе оны алмастыратын адамның нұсқауларын, бүйрықтар мен нұсқаулықтардың талаптарын басшылыққа ала отырып, жедел кезекші кезекші тәулік бойы ПКК жасақшаларының қызмет өткеруін бақылауды қамтамасыз етеді.

42. ПКК жасақшалары қызмет өткерген кезенде жедел кезекші (аға инспектор):

1) олармен байланыста болады, рация немесе мобиЛЬДІ байланыс арқылы тұрақты бақылауды жүзеге асырады;

2) бекеттер мен патрульдеу бағыттарындағы жедел жағдай туралы баяндауларды қабылдайды;

3) жасалған қылмыстар, ұрланған заттар, іздестірудегі қылмыскерлер, олардың белгілері мен ықтимал қозғалыс бағыттары туралы оларға уақтылы бағдарлар береді;

4) тапсырмаларды нақтылап, полиция органы бастығының нұсқауы бойынша, ал ол болмаған жағдайда өздігінен қалыптасқан жедел жағдайды ескере отырып, ПКК жасақшаларының орнын ауыстыруды жүргізеді.

43. ПКК жасақшалары қызмет өткеруін аяқтаған соң жедел кезекші (аға инспектор) ПКК жасақшаларының аға қызметкерлерінен қойылған міндеттерді орындағаны туралы баянат қабылдайды және орган бастығына немесе оны алмастыратын адамға баяндайды.

44. Жасақша қызметі аяқталғаннан кейін кезекші бөлімге келмеген немесе келген, бірақ табельдік қаруы мен арнайы құралдарды тапсырмаған жағдайда жедел кезекші бұл туралы тез арада орган бастығына немесе оны алмастыратын адамға баяндайды және алынған нұсқауларға сәйкес әрекет етеді.

45. Орган басшылығы болмаған жағдайда, болған жағдайдың себептерін анықтау және іздестіруді ұйымдастыру үшін қызмет көрсету ауданына рота (взвод, бөлімше) командирін жібереді, онымен ұдайы байланыста болады. Ауысатын жасақшалардың жеке құрамынан құрылған резервтен басқа қызметкерлерді жібереді.

Оқиға, қабылданған шаралар мен нәтижелері туралы жедел кезекші полиция органы басшылығына баяндайды.

5-тaraу. Жедел кезекшінің жедел-қызметтік (арнайы) қолданыстағы күжаттармен жұмыс істеу тәртібі

46. Ішкі істер органдары құштері мен құралдарының дағдарыстық жағдай туындаған кезде міндеттерді орындауға даярлығын жетілдіру мақсатында арнайы жедел жоспарлар әзірленеді.

47. Әзірленгеннен кейін арнайы жедел жоспарлар олардың құпиялылық белгісін ескере отырып ЖБО және Кб жедел кезекшісінің сейфінде сақталады.

Қызметтік, оның ішінде құпия құжаттаманы, арнайы жедел жоспарларды, құлақтандыру сигналдары бар пакеттерді ж"не өзге нормативтік-құқықтық актілерді сақтауға арналған сейф мемлекеттік құпияларды қорғау бөліністерінде ескерілуі тиіс, жедел кезекшінің (аудиомагнитофон аға қызметкерінің) мөрімен мөрленеді, жедел жағдай туындаған кезде эвакуациялауға арналған мөрлеу аспабы және ыдыстың (қаптар, тыстар, контейнерлер және т.с.с.) қажетті саны болуы тиіс.

48. Құпия құжаттарды сақтауға арналған ЖБО-ның және Кб-нің үй-жайлары құпиялылық режимінің талаптарына жауап беруі тиіс.

Жедел кезекшінің залы құпиялылық режимі талаптарына сәйкес келмесе құпия құжаттаманы, оның ішінде арнайы жедел жоспарларды қару-жарақ бөлмесінде сақтауға рұқсат беріледі. Бұл мақсатта қару-жарақ бөлмесінде құпиялылық режимі талаптарына жауап беретін жеке металл шкаф (сейф) орнатылады.

49. Арнайы жедел жоспарларды және жедел-қызметтік (жауынгерлік) қолданыстағы өзге де құжаттарды сақтау тәртібін тексерген кезде оларға қандай да бір белгі қоюға, түзетуге, ескерту және басқа да жазба жасауға жол берілмейді.

50. Анықталған кемшіліктер жоспарды тексеруді есепке алатын арнайы парапқа енгізіледі және арнайы жоспарды әзірлеу үшін жауапты қызметтер басшыларының назарына жеткізіледі, олар ескертулерді жою бойынша шаралар қабылдайды.

51. Әзірлеуші қызметтер жедел жағдайдың жай-күйін, үйимдастырушылық-штаттық және кадрлық өзгерістерді ескере отырып, жоспарларды уақтылы түзетеді, бұл туралы түзетулерді есепке алатын арнайы парапқа тиісті белгілер қойылады.

52. Жоспарларды түзету тоқсанына кем дегенде бір рет, сондай-ақ:

1) өзге талаптарды айқындайтын, төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттер туралы нормативтік құқықтық актілер шығарылған;

2) жедел жағдай күрт шиеленіскең;

3) ішкі істер органын басқа бағынысқа берген;

4) ішкі істер органының орналасқан орны, жылжу бағыттары, жиналу және басқару пункттері өзгерген;

5) кешенді инспекциялау, бақылап тексеру, командалық-штабтық және тактикалық оку-жаттығулар кезінде, сондай-ақ осы жоспарларды бекіткен лауазымды адамдардың өкімі бойынша арнайы жедел жоспарларда кемшіліктер анықталған жағдайларда жүзеге асырылады.

53. Ішкі істер органдарын және Ұлттық ұланның әскери бөлімдерін бейбіт уақыттағы жауынгерлік даярлықтың, жедел-қызметтік даярлықтың ең жоғары

дәрежесіне жеткізу, сондай-ақ арнайы жедел жоспарларды енгізу үшін өкімдер, бұйрықтар, сигнал-карточкалар әзірленеді, олар сигналдары бар арнайы пакеттерге салынады.

54. Пакеттерді ашу шартты сөз атауы мен сандық топтан тұратын тиісті сигналды алғаннан кейін жүргізіледі.

55. Сигналдары бар пакеттер:

- 1) арнайы жедел жоспарларды енгізу үшін тікелей ПО-да әзірленген;
- 2) нормативтік құқықтық актіге сәйкес жоғары тұрған органнан немесе басшылықтың оны енгізу жөніндегі нұсқауымен келіп түскен;

3) ведомствоаралық бұйрықпен немесе жоғары тұрған нормативтік құқықтық актімен айқындалған өзара іс-қимыл жасасу тәртібінде басқа мемлекеттік органдардан, әкімдіктерден келіп түскен болып үш санатқа бөлінеді.

56. Регламенттейтін құжаты (нұсқаулық, өкім, бұйрық) жоқ, сигналдың мағынасын және оны енгізген жағдайда ішкі істер органдарының одан арғы іс-әрекеттерін ашатын сигналдары бар пакеттерді сақтауға қабылдауға тыйым салынады.

57. Пакеттерді жедел кезекшілердің сейфтеріне сақтауға салуды құпия құжаттармен жұмыс істеуге тиісті рұқсаты бар үш қызметкерден тұратын комиссия жүргізеді.

Бұл ретте комиссияның құрамына құпия іс жүргізу не болмаса құжаттарды сақтауға тапсыратын әзірлеуші қызметтің жұмыскері кірмейді, жедел кезекші - сақтауға қабылдаушы.

Пакетті салу фактісі жөнінде комиссия акт жасайды, онда оның барлық деректемелері мен пакеттің өзінің тұтастығы көрсетіліп, сигналы бар пакеттің атауы жазылады.

58. Арнайы жедел жоспарлар, хабарландыру сигналдары бар пакеттер, оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтар мен жедел-қызметтік (жауынгерлік) қолданыстағы өзге де құжаттар ішкі тізімдемеге енгізіледі.

59. Ішкі істер органдарының жеке құрамын, оның ішінде жедел жағдай шиеленіскең кезде жинау үшін қызметкерлердің мекенжай деректері мен баяланыс телефондарын көрсетіп, "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісі бар жеке құрамды хабарландыру сызбалары әзірленеді. Жеке құрамды хабарландыру сызбаларын түзетуді қызметтер тоқсанына бір рет жүргізеді.

60. Орган басшылығын хабарландыруды жедел кезекші жүзеге асырады, ал қызметтердің басшылары мен жеке құрамды хабарландыру "Рупор" хабарландыру жүйесі немесе телефон арқылы хабарландыру сызбасы бойынша жүзеге асырылады.

6-тaraу. Жедел кезекшінің жедел жағдай шиеленіскең және дағдарыстық жағдай кезіндегі іс-әрекеттері тәртібі

61. Жедел жағдай күрт шиеленісken кезде жедел кезекші не оны алмастыратын адам

1) басшылықтың нұсқауы бойынша хабарландырудың техникалық құралдары және жеке құрамды хабарландыру сызбасы арқылы органдардың жеке құрамын "Жинау жарияланды" сигналы бойынша уақтылы хабарландырып жинайды;

2) мұдделі құқық қорғау, арнайы органдарды және басқа да мемлекеттік органдарды хабарландырады.

62. ЖБО-ға және Кб-ге жедел-қызметтік (жауынгерлік) даярлықтың ең жоғары дәрежесін не болмаса арнайы жедел жоспарларды енгізу туралы сигнал (бұйрық, өкім) келіп түскен кезде жедел кезекші:

1) жедел кезекшінің жазбаларына арналған дәптерге сигналдың (бұйрықтың, өкімнің) шартты сөздік атауы мен оның сандық тобын, нақты алған уақытын, алған тәсілін (телефон арқылы, шифрлық жеделхат және т.б.), мемлекеттік органның атауын, ақпаратты берген адамның лауазымы мен тегін, сондай-ақ байланыс телефондарын жазып алады;

2) көрсетілген мекенжайға және телефонға қонырау шалып, алынған сигнал мен оның (бұйрықтың, өкімнің) атауының дұрыстығын тексереді;

3) сигналды алғаны туралы орган басшылығына, сондай-ақ ЖБО, кезекші бөлімнің бастығына немесе оны алмастыратын адамға дереу баяндайды;

4) көрсетілген сигналы бар пакеттің бар-жоғын, оның атауы мен сандық тобын салыстыра тексеріп, алынған деректермен толық сәйкес келген жағдайда пакетті ашып, пакетте баяндалған іс-шараларды орындауға кіріседі;

5) сигнал мен сандық тобы сәйкес келмеген не болмаса ЖБО-да, Кб-де келіп түскен сигналы бар тиісті пакеттер болмаған жағдайда бұл туралы тез арада ПО басшылығына баяндайды, сондай-ақ сигналды жіберген мемлекеттік органға хабарлайды.

63. Табиғи не болмаса техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар (ірі өрттер, өндірістік авариялар, апаттар мен т.б.), сондай-ақ әлеуметтік не криминогендік сипаттағы төтенше жағдайлар (жаппай тәртіпсіздіктер, сотталғандардың, тергеу қамауындағылардың қамаудан қашуы, қаруы бар әскери қызметшілердің қызмет өткеру орындарын өз бетінше тастап кетуі және т.б.) туралы хабарлама алған кезде жедел кезекші:

1) жедел кезекшінің жазбаларына арналған дәптерге нақты хабарламаны алған уақытын, оның мазмұнын, ақпаратты берген адамның тегін, лауазымын, байланыс телефондарын тіркейді, оны қайтып тексереді;

2) хабарламаны алғаны туралы ЖБО, кезекші бөлімнің және органның бастығына немесе оны алмастыратын адамға дереу баяндайды;

3) төтенше жағдайдың сипатына сәйкес келетін арнайы жедел жоспарды белгіленген тәртіппен енгізеді;

4) Жедел штаб өрістетілгенге дейін бірінші кезектегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді және арнайы жоспар бойынша нұсқаулыққа сәйкес әрекет етеді.

7-тарау. Нормативтік актілердің, қызметтік құжаттаманың, қару-жараптың, оқ-дәрілердің, арнайы құралдардың, байланыс құралдарының және басқа да мүліктің сақталуын қамтамасыз ету тәртібі

64. Қару-жарап, арнайы құралдар, байланыс құралдары және басқа да мүлік ЖБО-ның, органның Кб-нің үй-жайларында олардың сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда сақталады.

Қаруды, оқ-дәрілерді және арнайы құралдарды (арттехқару-жарап мүлкін) сақтау үшін осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес техникалық паспорты бар арнайы қару сақтайтын бөлме (бұдан әрі – Қару сақтауға арналған бөлме) жабдықталады.

Қаруды сақтауға арналған бөлме жедел кезекшінің залымен (бөлмесімен) жапсарлас орналасады, оның есігі залдың (бөлменің) ішінен жабдықталып жедел кезекшінің үдайы бақылауында болуы тиіс.

Қаруды сақтауға арналған бөлменің жанында қаруды беретін және тазалайтын бөлме орналасады, оған кіретін есік жоспарлау шешімдеріне қарай, кезекші бөлімнің дәлізінен немесе вестибюльден шығатындағы етіп қарастырылады.

Онда оқ қағатын үстелдер, жабылатын, майланған ветошь жинайтын метал жәшік, жақпа майы бар бачок, ашылатын кранмен жабдықталған өрт сөндіру құралдары, қарудың материалдық бөлігі жөніндегі плакаттар орнатылады.

Қаруды сақтауға арналған бөлменің және қаруы бар шкафтардың кілттері жедел кезекшіде болуы тиіс.

Қаруды сақтауға арналған бөлме мен металл шкафттар кілттерінің қосалқы даналары органның бастығында немесе оларды алмастыратын адамда сақталады. Кілт жоғалған жағдайда құлып ауыстырылады.

Қаруды сақтауға арналған бөлме мен металл шкафттар жедел кезекшінің жеке мөрімен мөрленеді.

65. ЖБО-дағы, органның Кб-дегі негізгі заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілердің, қызметтік құжаттаманың үлгі тізбесі осы Қағидаларға 12-қосымшада көрсетілген.

ЖБО, органның Кб бастығының немесе оны алмастыратын адамның жазбаша рұқсатынсыз нормативтік құқықтық актілерді және басқа да қызметтік құжаттаманы біреуге беруге жол берілмейді.

Нормативтік құқықтық актіні (қызметтік құжаттаманы) беру туралы жедел кезекшінің жазбаларға арналған дәптерінде нормативтік құқықтық актінің (қызметтік құжаттаманы) берген уақытын, атауын көрсетіп, жазба жасалып, оны алған адамнан

қолхат алынады, ал қайтарғаннан - кейін құқықтық актінің (қызметтік құжаттаманы) қайтарған уақытын, атауын көрсетіп, жазба жасалып, жедел кезекшіден қолхат алынады.

Нормативтік құқықтық акті (қызметтік құжаттама) алып қойылған (ескіні ауыстырылған) кезде белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актінің және қызметтік құжаттаманың жаңа тізімдемесі толтырылады.

66. Жедел кезекші:

1) ЖБО-дағы, органның Кб-дегі нормативтік құқықтық актілердің, қызметтік құжаттаманың, қарудың, оқ-дәрілердің, арнайы құралдардың, байланыс құралдары мен басқа да мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді;

2) қызметтік қуәлік болған кезде полиция қызметкерлеріне алмастыру-карточкасының орнына бекітілген қару мен оқ-дәрілерді, байланыс құралдары мен арнайы құралдарды Арттехқару-жарақ мүлкін беру және қабылдау кітабында (бұдан әрі – Беру кітабы) осы Қағидаларға 13-қосымша (бұдан әрі – беру кітабы) қолхат арқылы береді;

3) полиция қызметкерлерінен қару, оқ-дәрілер мен арнайы құралдар қабылдаған кезде олардың нөмірлері мен санын салыстырып, ақаусыз болуын және жай-күйін тексереді, оларды сақтауға белгіленген шкафттар мен орындарға қояды, қызметкерлерге алмастыру-карточкаларды (қаруға) қайтарып, Беру кітабында қол қояды және оның тиісті бағандарын толтырады;

Бұл ретте, органның Кб-ден қаруларды беру, қабылдау және тазалау бөлмесінде қару мен оқтарды беру (алу) және қабылдау (тапсыру) қызметкерлермен ведомствоның нормативтік актімен қарастырылған қауіпсіздік шараларды сақтау бойынша талаптарға қатаң сай жүргізіледі.

4) полиция қызметкерлерінің қаруды, оқ-дәрілерді, байланыс құралдары мен арнайы құралдарды жоғалту, тапсыруды кешіктіру фактілері туралы жазбаша баянатпен ішкі істер органының бастығына дереу баяндайды;

5) техникалық құралдардың, муліктің және құрал-жабдықтың сынуын, ақаулы болуын, бөлшектенуін анықтаған кезде Техникалық құралдар мен құрал-жабдықтың ақауларын есепке алу журналында осы Қағидаларға 14-қосымшага сәйкес жазбалар жасауға және бұл туралы ЖБО, органның Кб бастығына немесе оны алмастыратын адамға баяндайды.

Ақаулы (бөлшектенген) техникалық құралдар ақаусыз құралдардан бөлек сақталады

6) қолда ұстап жүретін радиостанциялардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында (техникалық мамандарды, кезекші көмекшесін тарта отырып) олардың аккумуляторлық блоктарын зарядтауды ұйымдастырады;

7) қызметтік істер бойынша, сондай-ақ тамақтану және демалу үшін кеткен кезде ауысым бойынша басшыға, қаруды сақтауға арналған бөлменің жедел кезекшінің

мөрімен мөрленген кілтін беріп, ал қайтып оралған кезде кілттерді қабылдайды және мөрлердің бүтіндігін тексереді.

Кеткен (қайтып оралған), мөрленген қаруды сақтауға арналған бөлменің кілтін берген (қабылдаған) уақыты туралы жедел кезекшінің жазбаларына арналған дәптерде жазба жасайды.

Мысалы: "Мен, полиция подполковнигі Ж.Р. Сабырғалиев, 2014 жылғы 20 ақпанда сағат 14-30-да № 11 мөрмен мөрленген, қару мен оқ-дәрілерді сақтауға арналған бөлме мен шкафтардың кілттерін полиция подполковнигі Қ.В. Жанұзақовқа тапсырдым. Тапсырды (қолы). Қабылдады (қолы)";

"Мен, полиция подполковнигі Ж.Р. Сабырғалиев, 2014 жылғы 20 ақпанда сағат 15-30-да № 11 мөрмен мөрленген, қару мен оқ-дәрілерді сақтауға арналған бөлменің кілттерін полиция подполковнигі Қ.В. Жанұзақовтан қабылдадым. Қабылдады (қолы). Тапсырды (қолы)";

8) осы Қағидалардың 71-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, қару мен оқ-дәрілерді сақтауға арналған бөлменің немесе шкафтардың есіктеріндегі мөрдің бұзылғаны туралы ЖБО, органның Кб бастығына немесе оны алмастыратын адамға тез арада баяндап, оларда сақталатын мүліктің бар-жоғын тексеру үшін дереу комиссия тағайындаиды.

Қаруды, оқ-дәрілерді және басқа да мүлікті Арттехқару-жарақ мүлкін беру және қабылдау кітаптарындағы тізімдемемен және жазбалармен салыстыра тексеріп, нәтижелері туралы ЖБО-ның, органның Кб бастығына немесе оны алмастыратын адамға баяндайды және оның нұсқауы бойынша әрекет етеді;

9) тапсырушыларда (алушыларда) ішкі істер органы берген, қаруды сақтауға және алып жүргүре рұқсаты, жеке басын қуәландыратын құжаты, іссапар қуәлігі (ұйғарымы) болған кезде ішкі істер органдарының, басқа да министрліктер мен ведомстволардың қызметкерлерінен қару мен оқ-дәрілерді уақытша сақтауға қабылдайды.

67. "Ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Ишкі істер министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13694 болып тіркелді, "Әділет" акпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 31 мамырда жарияланды) сәйкес жедел кезекші немесе оны алмастыратын адам мынадай құжаттардың бірінің:

1) қаруды, оқ-дәрілерді алып қою хаттамасының, ішкі істер органының қызметкери құрастырған, ұйымдардан, мекемелерден, кәсіпорындардан қаруды, оқ-дәрілерді алып қою актісінің;

2) осы бұйымдарды ерікті түрде тапсырған немесе тауып алған адамның өтінішін қоса отырып, қаруды ерікті түрде тапсыру, тауып алу туралы ішкі істер органының қызметкери баянатының;

3) азаматтың қаруды, оқ-дәрілерді ерікті түрде тапсырғаны немесе тауып алғаны туралы арызының негізінде құқық бұзушылық қаруы немесе тікелей объектісі болып табылатын заттар мен құжаттарды уақытша сақтауға қабылдайды.

68. Қаруды, оқ-дәрілерді уақытша сақтауға қабылдаған кезде жедел кезекші (аға инспектор):

1) оған берілген құжаттардағы қару мен оқ-дәрілердің саны, нөмірлері, шығарылған жылдары, сыртқы жағдайы туралы жазбалардың нақты жағдайға сәйкестігін тексереді. Алшақтық болған жағдайда қару-жарақ бұйымдарын тапсырып жатқан адамның қатысуымен акт жасайды;

2) қабылданған қару мен оқ-дәрілерді қаруды сақтауға арналған бөлмеде жеке темір шкафқа орналастырады, құлыштайды және оны мөрлейді;

3) Кезекшілікті қабылдау және тапсыру кітабында уақытша сақтауға қару мен оқ-дәрілерді қабылдағаны туралы көрсетеді (бұл жазбалар ішкі істер органының қызметкери уақытша сақтауға қабылданған қару-жарақ бұйымдарын алғанға дейін, алып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алған қару мен оқ-дәрілердің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі функциялар жүктелген қызметкер жасайды)

69. Уақытша сақтауға қабылданған қару мен оқ-дәрілер ЖБО-ның, органның Кб бастығының немесе оны алмастыратын адамның жазбаша нұсқауы бойынша қол қою арқылы көрсетілген қару-жарақ бұйымдарын сақтау функциялары жүктелген қызметкergе беріледі.

Осы қызметкер мөрлеген шкаф кезекшілікті қабылдау және тапсыру кезінде мөрдің бедері бойынша сақтауға қабылданады.

70. Жедел кезекші (аға инспектор) болмаған кезде одан қаруды сақтауға арналған бөлменің және шкафттардың кілттерін қабылдаған кезекші ауысым қызметкери қаруды, оқ-дәрілерді, жеке қорғаныс құралдарын, байланыс құралдарын, арнайы құралдарды шұғыл беруді ұйымдастыру мақсатында органның үш қызметкерінен тұратын комиссияның қатысуымен қаруды сақтауға арналған бөлме мен шкафттарды ашады, көрсетілген құралдарды белгіленген тәртіппен береді.

71. ЖБО-да, органның Кб-де байланыс құралдарының жай-күйі мен оларға техникалық қызмет көрсетуді ұдайы бақылауды техникалық қызмет қызметкерлері жүзеге асыруы тиіс, бұл туралы техникалық құралдар мен жабдықтардың ақауларын есепке алу кітабына жазба жасалады.

8-тaraу. ЖБО-ның, ішкі істер органдары кезекші бөлімдерінің қызметін бақылауды жүзеге асыру тәртібі

72. Жоғары тұрган ЖБО, ішкі істер органдары кезекші бөлімінің қызметкерлері орган басшылығы бекітken жеке кесте бойынша бағынысты бөліністердің ЖБО және кезекші бөлімдерінің қызметін тексеруді жүзеге асырады.

Тексеріс барысында мынадай мәселелер:

- 1) кезекші ауысымның қызмет көрсететін аумактағы жедел жағдайды білуі;
- 2) нұсқауларды, өкімдерді және бағдарларды жеке құрамның назарына уақтылы жеткізуі;
- 3) қылмыстар мен оқиғалар туралы азаматтардың өтініштерін, хабарламаларын қабылдау, тіркеу, бірегей нөмірі бар хабарлама-талондарды беру тәртібі;
- 4) азаматтардың шағымдармен және өтініштермен өтініш білдіру тәртібін түсіндіретін стенділердің, ішкі істер органы, қызметтер басшыларының, участекелік полиция инспекторларының азаматтарды қабылдау кестелерін бар-жоғы;
- 5) қылмыстарды кезекші тәулікте ашу, бой тасалаған қылмыскерлерді іздестіру және ұстau бойынша шараларды қабылдау жеделдігі, ПКК жасақшаларының ден қоюы және КЖТТ-ның шығуы;
- 6) арнайы жедел жоспарлардың бар-жоғы, олардың қойылатын талаптарға сәйкестігі, сақтау тәртібі және жедел жағдай күрделенген (ауыр қылмыс жасалған, арнайы жедел жоспарлар енгізілген) кезде қызметкерлердің өз іс-әрекеттерін білуі;
- 7) қылмыстар мен оқиғалар туралы ақпаратты жоғары тұрған ішкі істер органдарына берудің белгіленген тәртібі мен мерзімдерінің сақталуы;
- 8) қызметтік құжаттаманы жүргізу тәртібі, құпиялыштық режимі мен өткізу режимін жүргізу тәртібі;
- 9) кезекші бөлімнің, қаруды сақтауға арналған бөлменің, күзет-өрт сигнализациясының техникалық нығайтылу жай-күйі және олардың қойылған талаптарға сәйкестігі, демалуға және тамақтануға арналған жекелеген бөлменің бар-жоғы;
- 10) байланыс құралдарының, кару-жарақтың, оқ-дәрілердің, арнайы құралдардың, жеке қорғаныс құралдарының, компьютерлік және ұйымдық техниканының, автокөліктің қамтамасыз етілуі;
- 11) өрт кезінде адамдар мен мұлікті эвакуациялау сызбаларының, өртті сөндіру құралдарының және өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтың бар-жоғы зерделенуі тиіс.

73. Ереже бұзудың анықталған барлық фактілері бойынша тексерісті жүзеге асырған қызметкер ол аяқталғаннан кейін осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес Ишкі істер органы тексерушілерінің ескертулер мен ұсыныстар кітабында жазба жасайды, бұл туралы белгіленген тәртіппен жазбаша баянатпен ПО басшылығына баяндайды.

74. ПО ЖБО-ны материалдық-техникалық қамтамасыз етуді, ЖБО аппараттық-бағдарламалық кешенінің жабдықтарына және ПО бөліністері кезекші бөлімдерінің шығарылған жұмыс орындарына техникалық қызмет көрсетуді, оны жаңғыртуды және дамытуды облыстың ПД Техникалық қызмет басқармасы жүзеге асырады.

9-тaraу. Жедел ақпарат жинау және ұсыну тәртібі

Параграф 1. Ішкі істер министрлігі Штаб-департаменті ЖБО-ға ұсынылатын жедел ақпаратқа қойылатын талаптар

75. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Штаб-департаментінің Жедел басқару орталығына облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, елорданың және Көліктегі полиция департаменттерінің, ПМ білім беру үйымдарының, басқа да аумақтық ішкі істер органдары ұсынатын жедел ақпаратта мына мәліметтер қамтылу қажет:

- 1) қылмыс жасаудың мән-жайлары туралы (күні, орны, уақыты, себебі, мотиві, тәсілі, тән ерекшеліктері, қылмыс туралы ішкі істер органына келіп түскен уақыты);
- 2) қылмыстық қол сұғушылық объектісі туралы (атауы, мекенжайы, ведомстволық тиесілігі, оның ішінде объектінің тауарлық-материалдық бағалы заттарды және ақшалай қаражатты сақтау талаптарына сәйкестігі және күзет-өрт немесе дабыл сигнализациясының болуы және жай-күйі, бейнебақылау жүйесі);
- 3) төтенше жағдайлар туралы осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша мәлімдеме дайындалады. Ақпаратты беру тәсілі - қолда бар байланыс құралдары бойынша - шүғыл. Төтенше жағдай зардаптарын жою кезеңінде тәулігіне 2 рет сағат 06-00 және 18-00 сағаттағы жағдайда қосымша ақпарат ұсынылады;
- 4) келтірлген материалдық және өзге де зиян туралы;
- 5) құқық бұзушылық жасаған адамдар туралы (тегі, аты-жөні, туған жылы тұрғылықты жері, айналысатын кәсібі, атқарып отырған лауазымы, соттылығының бар-жоғы, қандай қылмыстар жасағаны);
- 6) ұрланған заттар мен автокөлік құралдары туралы (ұрланған автокөліктің, қарудың және басқа да заттардың саны, маркасы, түрі, түсі, шығарылған жылы, нөмірлік белгісі);
- 7) қаза болғандар, жәбірленушілер туралы (тегі, аты-жөні, туған жылы, тұрғылықты мекенжайы, айналысатын кәсібі, алынған дене жарақаттарының сипаттамасы);
- 8) бастапқы жедел-іздестіру іс-шараларын өткізу және қылмыстарды ашу тергеу амалдарының нәтижелері туралы (қай бап бойынша қылмыстық іс қозғалды), оқиға зардаптарын жою бойынша ұйымдастырушылық шаралары (іс-шараларды өткізуге жауаптылар), ПД, КПД басшы құрамынан оқиға орнына кім барды) туралы ақпарат.

76. Көрсетілген мәліметтерге қосымша:

- 1) өрт кезінде:

өрт болған объектінің сипаттамасы және конструктивті ерекшеліктері, оны жою үшін қандай күштер мен құралдар қолданылды, не жойылды және қандай сомага жойылды, өрт сигнализациясының және бейнебақылау құралдарының болуы;

- 2) жол-көлік оқиғалары кезінде:

автокөлік құрадарының тиесілігі, маркасы, түрі, нөмірлік белгілері, жүргізушінің белгіленген деректері, айналысатын кесібі, жолаушы алкогольдік мас күйде болғаны-болмағаны;

3) Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің (бұдан әрі – ҚАЖК) мекемелерінде және ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде:

мекеме атауы, режим түрі, оқиғаны бастаған адамдардың тегі, аты-жөні, туған жылы (ұсталған және қамауға алынған адамдар туралы –жасалған қылмыстар туралы түрі, сottалғандар туралы- қандай мерзімге және қашан сottалды, босатылғандар және шартты босатылғандар туралы – қай түзету орнынан босатылды, есепте қай уақыттан бастап және қайда тұр), жәбірленушілердің тегі, аты-жөні, туған жылы, егер сottалса-қандай бап бойынша және қай мерзімге сottалды (не үшін ұсталды, қамауға алынды), соңғы сottылығы бойынша мерзімнің аяқталуы мен басталуы.

4) Ишкі істер органдарының, Ұлттық ұланның, қылмыстық-атқару жүйесінің, ПМ-нің білім беру ұйымдарының жеке құрамы арасында төтенше жағдайлар мен қылмыстар жасалған кезінде мыналарды көрсете отырып, хабарлама ұсынылады:

- төтенше жағайдың қысқаша фабуласы;
- құқық бұзушылық жасаған қызметкер (тегі, аты-жөні, туған жылы, арнайы атағы, лауазымы, қызмет атауы, білім, ішкі істер органдарындағы еңбек өтілі, отбасы жағдайы, алкогольдік немесе есірткілік мас күйде болғаны-болмағаны) және жәбірленушілер (тегі, аты-жөні, туған жылы, лауазымы және жұмыс орны) туралы мәліметтер.

77. Қылмыстарды ашуды немесе төтенше жағдайларды жою, ұрланған, жоғалған қаруды, құжаттар туралы қосымша жедел ақпарат ұсынылады.

78. Осы Қағидаларға 6-қосымшада сәйкес ақпарат ПМ Штаб ЖБО-ға және ақпаратта көрсетілген мәліметтерді қарau функциясы жүктелген министрліктің тиісті қызметіне жолданады.

79. ПД, КПД ПМ Штаб ЖБО-мен қатар аумағында қылмыс немесе төтенше жағдай жасалған ПД-ге же жедел ақпаратты ұсынады.

80. Пара алу, бөтеннің мүлкін ірі мөлшерде ұрлау туралы ақпаратты ПД, КПД ПМ Штаб ЖБО-ға қылмыстық істі қозғау сэттен немесе бұрын қозғалған істер бойынша қосымша мән-жайларды анықтау сэттен бастап бір тәулік ішінде ұсынады.

81. Бандиттік құрылымдарды, ұйымдасқан қылмыстық топтарды анықтау және олардың құқыққа қарсы іс-әрекеттерін әшкереleу, осы топтардың жекелеген мүшелері жасаған қылмыстар туралы ақпарат ПД, КПД ПМ Штаб ЖБО-ға қылмыстық істі қозғау сэттен немесе бұрын қозғалған істер бойынша қосымша мән-жайларды анықтау сэттен бастап бір тәулік ішінде ұсынады.

82. Өрт бойынша ПМ Штаб ЖБО-ға өрттену себептерін, материалдық зиянның нақтыланған сомасы және оқиғаның басқа да мән-жайлары туралы көрсетілген ақпарат шүғыл ұсынылады.

83. Қазақстан Республикасы ПМ Ұлттық ұланы желісі бойынша жедел ақпарат ПМ Штаб ЖБО-ға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ұсынылады.

84. ПМ Штаб ЖБО-ға төтенше жағдайлар мен ауыр қылмыстар туралы ақпараттың толықтығы, шынайылығы және уақтылығы үшін ПД, КПД басшылары немесе оны алмастыратын адамдар жауап береді.

85. ПМ Штаб ЖБО-ға ұсынылатын жедел ақпаратты ұсынудың белгіленген тәртібін бұзудың әрбір жағдайы төтенше жағдай ретінде қарастырылады және әрбір факті бойынша қызметтік тергеу жүргізіліп, кінәлі адамдар мен олардың басшылары тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

86. Жедел ақпарат бірінші басшылардың атынан ғана, ал ол болмаған жағдайда – оны алмастыратын адамның атынан ғана ұсынылады.

87. Әскери-тергеу органдары ПМ ШД-нің ЖБО-ға жедел ақпаратты орналасқан жері бойынша ПД-нің байланыс арналары бойынша ұсынады.

Параграф 2. Төтенше жағдайлар фактілері туралы шұғыл мәлімдемелерді құру және беру

88. Төтенше жағдайлар (бұдан әрі – ТЖ) фактілері туралы мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) ТД күні, уақыты - ТЖ болған аумақтағы жергілікті уақыты көрсетіледі;
- 2) ТЖ атауы;
- 3) ТЖ орны – облыс, аудан, қала, қашықтығы және облыстық орталыққа дейінгі бағыты (солтүстік-шығыс, шығыс, оңтүстік-шығыс, оңтүстік, оңтүстік батыс, батыс, солтүстік-батыс), қала шегінде- мекенжайы көрсетіледі.
- 4) объект атауы және оның ведомстволық тиесілігі;
- 5) зардап шеккендердің, оның ішінде қаза болғандардың саны. Задап шеккен (қаза болған) ішкі істер органдары қызметкерлерінің саны бөлек көрсетіледі.
- 6) ТЖ сипаттамасы және көлемі, зардаптары және себептері. Материалдық зиянның құны және нақты зияны жағынан алдын ала бағасы (мың теңге) көрсетіледі.
- 7) шаруашылықтың басқа да салаларының және ішкі істер органдарының жұмысына – туындаған ТЖ-ге байланысты жұмыс істеу мүмкіндігі жоқ қоршаған ортаға, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылыққа ықпал етуі;
- 8) ТЖ зардаптарын жоюға қатысқан ішкі істер органдарының атауы;
- 9) жұмылдырылған күштер мен құралдардың саны;
- 10) ТЖ зардаптарын жоюға қатысу бойынша алға қойған міндеттерді өз күштері мен құралдарымен орындау мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі;
- 11) қосымша күштер мен құралдардың қажеттілігі;

12) ТЖ зардаптарын жоюға қатысқан кезде ішкі істер органдары қызметінің қысқаша сипаттамасы- жұмыс сипаттамасы мен көлемі, ауысым саны, проблемалық мәселелер;

13) ТЖ зардаптарын жоюды басқаруды жүзеге асырған ішкі істер органы жедел штабы бастығының телефоны (факсы), телетайп, шақыру белгісі және радиожиілігі;

14) мәлімдемеге қол қойған адамның лауазымы, тегі.

10-тарау. Қылмыстар мен оқиғалар туралы хабарламалар келіп түскен кезде ішкі істер органы жедел кезекшісінің іс-қимылдар тәртібі

Параграф 1. Адам өлтіру

89. Адам өлтіру туралы хабарлама алған кезде кезекші ауысым қызметкери:

1) арызданушыдан:

кісі өлтіру уақытын, орнын, мән-жайларын;

өлген адамның анықтамалық деректерін (егер ол мәлім болса);

қылмыскердің (күдіктінің) анықтамалық деректерін (егер ол мәлім болса), оның белгілерін, қарудың бар-жоғын, осы уақытта жүрген жерін, ал егер жасырынып қалса, кеткен жолын және келуі және жасырынуы мүмкін жерлерді;

арызданушының тегін, атын, әкесінің атын, мекенжайын (тұрғылықты жерін) нақтылайды;

2) оқиға орнын күзету және қылмыскерді "ізін суытпай" ұсташа үшін кісі өлтіру жасалған жерге жақын жерде қызмет өткеріп жүрген полицияның кешенді күштерінің жақын жасақшаларын дереу жібереді.

3) оқиға орнында басқа да зардап шегушілер болса, жедел медициналық жәрдем шақырады

90. Кісі өлтіру туралы ақпарат расталғаннан кейін:

1) хабарламаны ӨЕАК-ге тіркейді.;

2) оқиға туралы ішкі істер органының бастығына немесе оны алмастыратын адамға, прокурорға, жоғары тұрған органның жедел кезекшісіне баяндайды.

3) Құрамында:

ішкі істер органы бастығының орынбасарлары (жедел және тергеу жұмысы жөніндегі);

криминалдық полиция басқармасының (бөлімінің, бөлімшесінің) бастығы;

тергеуші;

криминалдық полиция қызметкери;

учаскесінде қылмыс жасалған участекелік полиция инспекторы;

маман-криминалист, сот-медициналық сарапшы немесе сарапшы ретінде тартылатын дәрігер;

қызметтік-іздестіру иті бар кинолог болатын кезекші жедел-тергеу тобын (бұдан әрі – КЖТТ) жинап, оқиға орнына жібереді;

4) ақпаратпен алмасып, мынадай:

жәбірленушіде болуы тиіс киім-кешек бөлігінің, заттардың, бағалы заттардың күжаттардың жоқ екені және олардың белгілері туралы;

қылмыскердің ықтимал белгілері, сондай-ақ қылмыс жасаған кезде кісі өлтіруші алуы мүмкін дene жарақаттары мен киім-кешек;

қылмыс жасағаннан кейін қылмыскердің алған бағыты, ол пайдаланған көлік, оның белгілері және т.с.с. деректерді алу үшін оқиға орнында жүрген КЖТТ-мен ұдайы байланысты қамтамасыз етеді;

5) арызданушыдан және КЖТТ басшысынан алған деректердің негізінде:

ПД, КПД кезекші бөліміне, көршілес қалалық, аудандық, желілік органдардың кезекші бөлімдеріне;

темір жол вокзалы, әуежай, автовокзал аудандарында, қаладан (ауданнан) шығатын автожолдарда бекеттер мен бағыттарда қызмет өткеретін барлық ПКК жасақшаларына; участекілік полиция инспекторларына;

ішкі істер органдары арнайы мекемелерінің (бұдан әрі – арнайы мекемелер) кезекшілеріне;

медициналық мекемелерге (кісі өлтірген кезде қылмыскер жарақат алғаны және медициналық көмекке жүгінуі мүмкін екендігі туралы деректер болса);

автобус станциясының кезекші диспетчеріне;

әуежайдың кезекші диспетчеріне;

темір жол станциясының, вокзалдың кезекшісіне қылмыскердің белгілері мен оны іздестіру туралы бағдар береді;

6) егер қылмыскердің жеке басы және жасырынған бағыты белгілі немесе анықталған болса, қарамағындағы қолда бар күштермен және құралдармен оны қудалауды және ұстауды ұйымдастырады.

91. Қажет болған жағдайда, ішкі істер органы бастығының немесе оны алмастыратын адамның нұсқауы бойынша, ал ол болмаған жағдайда өздігінен қаланың (ауданнан) аумағында арнайы жедел жоспарларды іске қосады.

92. Біруақытта ПД, КПД-нің жедел кезекшісі арқылы ПД, КПД басшылығынан көршілес аудандардың, қалалардың (аудандардың) аумағында, қызмет көрсететін участеклерде, қылмыскер ықтимал жүруі немесе болуы мүмкін жерлерде арнайы жедел жоспарларды іске қосуды сұрайды.

93. Қылмысқа әскери қызметшінің қатыстылығы анықталған жағдайда бұл туралы әскери прокурорға, әскери бөлімнің кезекшісіне хабарлау және қылмысты ашу мен қылмыскерді ұсташа жұмысында өзара іс-қимыл жасасуды ұйымдастырады.

Параграф 2. Мәйіттің табылуы

94. Мәйіт табылғаны туралы хабарлама алған кезде жедел кезекші:

1) арызданушыдан:

мәйіт табылған уақытты, нақты орнын және мән-жайларын;

мәйітте немесе жәбірленушінің киімінде зорлық-зомбылықтың сыртқы белгілерінің бар-жоғын;

арызданушының тегін, атын, әкесінің атын, мекенжайын (тұрғылықты жерін) нақтылайды;

2) хабарламаны ӨЕАК-ге тіркейді.

95. Мәйіт табылғаны туралы ақпарат расталғаннан кейін:

1) оқиға туралы ішкі істер органының бастығына немесе оны алмастыратын адамға, прокурорға, жоғары тұрған органның жедел кезекшісіне баяндайды;

2) оқиға орнын күзету үшін мәйіт табылған жерге жақын жерде қызмет өткөріп жүрген ПҚК жасақшаларын дереу жібереді.

3) Құрамында:

тергеуші;

криминалдық полиция қызметкері;

учаскесінде мәйіт табылған участекелік полиция инспекторы;

маман-криминалист, сот-медициналиқ сарапшы немесе сарапшы ретінде тартылатын дәрігер;

қызметтік-іздестіру иті бар кинолог;

жол полициясы қызметкері (егер мәйіт жолда немесе оның жанында табылса) болатын КЖТТ-ны жинап және оқиға орнына жібереді.

96. Жаңадан алынған ақпаратпен алмасу және қажетті шаралар қабылдау үшін оқиға орнына шыққан КЖТТ-мен ұдайы байланыс ұстайды.

97. Мәйітте зорлықпен өлтіру белгілері табылған жағдайда және олардың сипатына қарай одан кейінгі іс-шараларды осы Қағидалардың 12-бөлімінің (кісі өлтіру) тармақтарына сәйкес жүргізеді.

Параграф 3. Хабар-ошарсыз кеткен адам

98. Хабар-ошарсыз кеткен азамат туралы хабарлама алған кезде жедел кезекші:

1) хабарлама келіп түскен арызданушыны жоғалған адамның заттарына және оның қол саусақтарының іздері қалуы мүмкін басқа да заттарға қол тигізбеуін ескертеді;

2) хабарлаған адамның тегін, атын, әкесінің аты мен мекенжайын (тұрғылықты жерін) нақтылайды;

3) хабарламаны ӨЕАК-ге тіркейді.

99. Ақпарат расталғаннан кейін жоғалған адамды:

1) ұсталғандар мен қамауға алынған, оның ішінде әкімшілік тәртіппен ұсталғандардың;

- 2) жазатайым оқигалардың;
- 3) танылмаган мәйіттердің;
- 4) ауруханалардың, мәйітханалардың;
- 5) арнайы мекемелердің есептері бойынша тексереді.

100. Ішкі істер органының бастығына немесе оны алмастыратын адамға, прокурорға, жоғары тұрған органның жедел кезекшісіне баяндайды.

101. Хабар-ошарсыз жоғалған адам соңғы болған жерге криминалдық полиция қызметкерін, ал қажет болған жағдайда, жоғалған адамды іздестіруді женілдететін, қол саусақтарының іздерін, бұйымдарды, заттар мен құжаттарды анықтау және алу мақсатында жоғалған адамның тұрғын үйі мен айналасындағы жерлерді тексеру үшін КЖТТ-ны жібереді.

102. Жоғалған адамды іздестіру және бұйымдары туралы:

- 1) ПКК-ның барлық жасақшалары мен жақын жердегі аумақтық және желілік бөлімдерге, полиция бөлімшелеріне;
- 2) участекілік полиция инспекторларына;
- 3) көмелетке толмағандардың істері жөніндегі полиция инспекторларына;
- 4) арнайы мекемелердің кезекшілеріне бағдар береді.

103. Хабар-ошарсыз жоғалған адамды іздестіру жөніндегі одан кейінгі іс-шараларды ішкі істер органының басқа қызметтерімен өзара іс-қымыл жасаса отырып, криминалдық полиция қызметкерлері жүзеге асырады.

Параграф 4. Денсаулыққа қасақана зиян келтіру

104. Денсаулыққа қасақана зиян келтіру туралы хабарлама алған кезде жедел кезекші:

1) арызданушыдан:
қылмыс жасалған уақытты, орнын, мән-жайларын;
жәбірленушінің анықтамалық деректерін және оның осы уақытта қайда екенін;
қылмыскердің немесе күдіктінің анықтамалық деректерін (егер ол белгілі болса), оның белгілерін, қарудың бар-жоғын, осы уақытта қайда екенін, ал егер жасырынып қалса, кеткен жолын және келуі және жасырынуы мүмкін жерлерді;

арызданушының (жәбірленушінің) тегін, атын, әкесінің атын, мекенжайын (тұрғылықты жерін) нақтылайды;

2) оқиға орнын күзету және қылмыскерді "ізін сұытпай" ұсташа үшін қылмыс жасалған жерге жақын жерде қызмет өткөріп жүрген ПКК жасақшаларын дереу жібереді;

3) хабарламаны ӨЕАК-ге тіркейді.

105. Денсаулыққа зиян келтіру туралы акпарат расталғаннан кейін жәбірленушіге көмек көрсету үшін жедел медициналық көмек шақырады.

106. Оқиға туралы ішкі істер органының бастығына немесе оны алмастыратын адамға, қажет болған жағдайда, прокурорға, жоғары тұрған органының жедел кезекшісіне баяндайды.

107. КЖТТ-ны, учаскесінде қылмыс жасалған учаскелік полиция инспекторын жинап оқиға орнына жібереді.

108. Егер қылмыскердің жеке басы және жасырынған бағыты белгілі немесе анықталған болса, қарамағындағы қолда бар күштермен және құралдармен оны кудалауды және ұстауды ұйымдастырады.

109. Қылмыскердің белгілері мен оны іздестіру туралы темір жол вокзалы, әуежай, автовокзалдың аудандарындағы, қаладан (ауданнан) шығатын автожолдардағы бекеттер мен бағыттарда қызмет өткеретін барлық ПКК жасақшаларына бағдар береді.

110. Егер жәбірленуші адам медициналық мекемеде болса, қылмыс жасау мән-жайларын және қылмыскерді іздестіру үшін қажетті мәліметтерді егжей-тегжей анықтау үшін КЖТТ-ны оқиға орнына жібереді.

111. Жаңадан алынған ақпаратпен алмасу және қажетті шаралар қабылдау үшін оқиға орнына шыққан КЖТТ-мен ұдайы байланыс жасауды қамтамасыз етеді.

112. Қылмысқа әскери қызметшінің қатыстылығы анықталған жағдайда бұл туралы әскери прокурорға, әскери бөлімнің кезекшісіне хабарлайды және қылмысты ашу мен қылмыскерді ұстау жұмысында өзара іс-кимыл жасасуды ұйымдастырады.

Параграф 5. Қарақшылық

113. Қарақшылық туралы хабарлама алған кезде жедел кезекші:

1) арызданушыдан:

қылмыс жасалған уақытын, орнын, мән-жайларын;

қылмыскерлердің санын, олардың белгілерін, қарудың бар-жоғын, анықтамалық деректерін (белгілі болса);

қылмыскерлер не ұрлағанын және ұрланған мүліктің сипаттамасын; 4) қылмыскерлердің киімдері мен денелерінде қандай іздер қалуы мүмкін екендігін;

қылмыскерлер жасырынып қалса, кеткен жолын және келуі және жасырынуы мүмкін жерлерді нактылайды;

егер оқиға орнында зардап шеккендер болса, қажет болған жағдайда, медицина қызметкерлерін (жедел жәрдем) шақырады;

егер қарақшылық шабуыл туралы басқа адам хабарласа, жәбірленушінің және арызданушының анықтамалық деректерін (тегін, атын, әкесінің атын, тұрғылықты жерін) сұрайды;

2) хабарламаны АЕАК-ге тіркейді;

3) ПКК-ның жақын жердегі жасақшалары мен участекелік полиция инспекторын оқиға орнына жібереді, қарақшылық шабуыл туралы ақпарат расталғаннан кейін КЖТТ-ны жібереді.

4) оқиға туралы ішкі істер органының бастығына немесе оны алмастыратын адамға, прокурорға, жоғары тұрған органның жедел кезекшісіне баяндайды;

5) қызметтік, өндірістік үй-жайға немесе сақтау орнына кіре отырып, қарақшылық шабуыл жасалған кезде келтірілген залалдың көлемін анықтау және ұрланған заттарды егжей-тегжей сипаттау үшін кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның басшылары мен материалдық жауапты адамдарды шақыруды қамтамасыз етеді;

6) оқиға орнына:

қриминалдық полиция бөлімі, бөлімшесі бастығын;

учаскесінде қылмыс жасалған участекелік полиция инспекторын;

қызметтік-іздестіру иті бар кинологтың шығуын қамтамасыз етеді;

7) қарақшылық шабуыл жасалған адам медициналық мекемеде болса, қылмыс жасау мән-жайларын және қылмыскерді іздестіру үшін қажетті мәліметтерді егжей-тегжей анықтау үшін жәбірленушіге криминалдық полиция қызметкерін жібереді.

8) егер қылмыскердің жеке басы және жасырынған бағыты белгілі немесе анықталған болса:

қолда бар күштермен және құралдармен оны қудалауды және ұстауды ұйымдастырады;

қылмыскердің белгілері мен оны іздестіру туралы темір жол вокзалы, әуежай, автовокзалдың аудандарындағы, қаладан (ауданнан) шығатын автожолдардағы бекеттер мен бағыттарда қызмет өткөретін барлық ПКК жасақшаларына;

учаскелік полиция инспекторларына;

автобус станциясының кезекші диспетчеріне;

әуежайдың кезекші диспетчеріне;

темір жол станциясының, вокзалдың кезекшісіне бағдар береді;

9) жаңадан алынған ақпаратпен алмасу және қажетті шаралар қабылдау үшін оқиға орнына шыққан КЖТТ-мен ұдайы байланыс жасауды қамтамасыз етеді;

10) егер қылмыскер автомотокөлік құралымен кетіп қалса және көліктің немесе қылмыскердің белгілері белгілі болса, ішкі істер органы бастығының немесе оны алмастыратын адамның нұсқауы бойынша, ал ол болмаған жағдайда, өздігінен "Тосқауыл" арнайы жедел жоспарын қолданысқа енгізу және қылмыскердің қозғалыс бағыты бойынша жолдарды жабады;

11) қылмысқа әскери қызметшінің қатыстылығы анықталған жағдайда бұл туралы әскери прокурорға, әскери бөлімнің кезекшісіне хабарлау және қылмысты ашу мен қылмыскерді ұстау жұмысында өзара іс-қимыл жасасуды ұйымдастырады.

114. Қарақшылық шабуыл ірі көлемде залал келтіріп жасалған жағдайда, КЖТТ-ны, әдетте, орган бастығының жедел немесе тергеу жұмысы жөніндегі орынбасарлары басқарады.

Параграф 6. Бопсалау

115. Бопсалау туралы хабарлама алған кезде жедел кезекші:

1) арызданушыдан:

бопсалау жасалған уақытты, орынды, мән-жайларын және жасалу тәсілін;

бопсалаушылардың санын, олардың қарулануын және олар қоятын талаптарды;

бопсалаушылардың анықтамалық деректерін, олардың арасында таныстарының бар-жоғын;

қылмыскерлер жасырынып қалса, кеткен жолын және келуі және жасырынуы мүмкін жерлерді;

егер бопсалаушылар кездесу уақыты мен орнын белгілесе, нақты кездесу уақыты мен орнын нақтылайды;

2) оқиға орнында басқа да зардап шегушілер болса, қажет болған жағдайда, медицина қызметкерлерін (жедел жәрдем) шақырады;

3) хабарламаны ӨЕАК-ге тіркейді;

4) оқиға орнына ПКК-ның жақын жердегі жасақшаларын жіберіп, ақпарат расталғаннан кейін бопсалау фактісі туралы ішкі істер органының бастығына немесе оны алмастыратын адамға, жоғары тұрған органның жедел кезекшісіне баяндайды;

5) ақпараттың жария болу мүмкіндігін болдырмау мақсатында одан әрі ішкі істер органы бастығының немесе оның жедел жұмыс жөніндегі орынбасарының нұсқауы бойынша әрекет етеді.

Параграф 7. Тонау

116. Тонау туралы хабарлама алған кезде жедел кезекші:

1) арызданушыдан:

қылмыс жасалған уақытты, орнын, мән-жайларын;

қылмыскердің белгілері мен оның жүрген (арызданушыға белгілі болса), келуі немесе жасырынуы мүмкін жерлерін, қаруының бар-жоғын;

қылмыскер қандай мүлікті ұрлағанын;

қылмыскердің киімі мен денесінде қандай іздер қалуы мүмкін екендігін;

жәбірленушінің, ал егер бұл туралы басқа адам хабарласа, арызданушының тегін, атын, әкесінің атын және тұрғылықты жерін нақтылайды;

2) хабарламаны ӨЕАК-ге тіркейді;

3) оқиға орнына ПКК-ның жақын жердегі жасақшаларын жіберу, тонау туралы ақпарат расталғаннан кейін оқиға орнына КЖТТ жібереді;

4) оқиға туралы ішкі істер органының бастығына немесе оны алмастыратын адамға, криминалдық полиция бөлімінің, бөлімшесінің бастығына, прокурорға, жоғары түрған органның жедел кезекшісіне баяндайды;

5) тонау қызметтік, өндірістік үй-жайға немесе сақтау орнына кіре отырып жасалған кезде келтірілген залалдың көлемін анықтау және ұрланған заттарды егжей-тегжей сипаттау үшін кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның басшылары мен материалдық жауапты адамдарды шақыруды қамтамасыз етеді;

6) оқиға орнына:

криминалдық полиция бөлімі, бөлімшесі бастығын;

учаскесінде қылмыс жасалған участекелік полиция инспекторын;

қызметтік-іздестіру иті бар кинологтың шығуын қамтамасыз етеді;

7) тонау жасалған адам медициналық мекемеде болса, қылмыс жасау мән-жайларын және қылмыскерді іздестіру үшін қажетті мәліметтерді егжей-тегжей анықтау үшін жәбірленушіге криминалдық полиция қызметкерін жібереді;

8) егер қылмыскердің жеке басы және жасырынған бағыты белгілі немесе анықталған болса:

қолда бар күштермен және құралдармен оны қудалауды және ұстауды ұйымдастырады;

қылмыскердің белгілері мен оны іздестіру туралы темір жол вокзалы, әуежай, автовокзалдың аудандарындағы, қаладан (ауданнан) шығатын автожолдардағы бекеттер мен бағыттарда қызмет өткөретін барлық ПКК жасақшаларына;

учаскелік полиция инспекторларына;

арнайы мекемелердің кезекшілеріне;

медицина мекемелеріне (егер қылмыскер тонау кезінде жарақат алды және медициналық көмекке жүгінуі мүмкін деген деректер болса);

автобус станциясының кезекші диспетчеріне;

әуежайдың кезекші диспетчеріне;

темір жол станциясының, вокзалдың кезекшісіне бағдар береді;

9) жаңадан алынған ақпаратпен алмасу және қажетті шаралар қабылдау үшін оқиға орнына шыққан КЖТТ-мен ұдайы байланыс жасауды қамтамасыз етеді;

10) егер қылмыскер автомотокөлік құралымен кетіп қалса және қөліктің немесе қылмыскердің белгілері белгілі болса, ішкі істер органы бастығының немесе оны алмастыратын адамның нұсқауы бойынша, ал ол болмаған жағдайда, өздігінен "Тосқауыл" арнайы жедел жоспарын қолданысқа енгізу және қылмыскердің қозғалыс бағыты бойынша жолдарды жабады;

11) қылмысқа әскери қызметшінің қатыстылығы анықталған жағдайда бұл туралы әскери прокурорға, әскери бөлімнің кезекшісіне хабарлау және қылмысты ашу мен қылмыскерді ұстау жұмысында өзара іс-қимыл жасасуды ұйымдастырады.

117. Тонау ірі көлемде залал келтіріп жасалған жағдайда, КЖТТ-ны, әдетте, орган бастығының жедел немесе тергеу жұмысы жөніндегі орынбасарлары басқарады.

Параграф 8. Ұрлық

118. Ұрлық туралы хабарлама алған кезде жедел кезекші:

1) арызданушыдан (жәбірленушіден):

ұрлық жасалған уақытты және оны анықтау мән-жайларын, ұрлық мәнін, орны мен объектісін (дүкен, касса, пәтер, кенсе, автомашина, банк мекемесі, кәсіпорны және т.б.) ;

қылмыскердің белгілері мен кеткен жолын (арызданушыға белгілі болса);

арызданушыны ол анықтаған кездегі жағдай мен іздерді полиция қызметкерлері келгенге дейін сақтау туралы ескертеді;

арызданушының (жәбірленушінің) тегін, атын, әкесінің атын, мекенжайын (тұрғылықты жерін) нақтылайды;

2) хабарламаны ӨЕАК-ге тіркейді;

3) оқиға орнын күзету үшін жақын жердегі ПКК жасақшаларын дереу жіберу, ұрлық жасалғаны туралы ақпарат расталғаннан кейін КЖТТ жібереді;

4) оқиға туралы ішкі істер органының бастығына немесе оны алмастыратын адамға, криминалдық полиция бөлімінің, бөлімшесінің бастығына, жоғары тұрған органның жедел кезекшісіне баяндайды;

5) оқиға орнына:

криминалдық полиция бөлімі, бөлімшесі бастығын;

учаскесінде қылмыс жасалған участекелік полиция инспекторын;

қызметтік-іздестіру иті бар кинологтың шығуын қамтамасыз етеді;

6) егер қылмыскердің жеке басы және жасырынған бағыты белгілі немесе анықталған болса:

қолда бар күштермен және құралдармен оны қудалауды және ұстауды үйымдастырады;

қылмыскердің белгілері мен оны іздестіру туралы темір жол вокзалы, әуежай, автовокзалдың аудандарындағы, қаладан (ауданнан) шығатын автожолдардағы бекеттер мен бағыттарда қызмет өткөретін барлық ПКК жасақшаларына;

учаскелік полиция инспекторларына;

арнайы мекемелердің кезекшілеріне;

медицина мекемелеріне (егер қылмыскер тонау кезінде жарақат алды және медициналық көмекке жүгініү мүмкін деген деректер болса) бағдар береді;

7) қылмыскерлерді іздестіру үшін маңызы бар, жаңадан алынған ақпаратпен алмасу үшін оқиға орнына шыққан КЖТТ-мен ұдайы байланыс жасауды қамтамасыз етеді;

8) егер қылмыскер автомотокөлік құралымен кетіп қалса және көліктің немесе қылмыскердің белгілері белгілі болса, ішкі істер органы бастығының немесе оны алмастыратын адамның нұсқауы бойынша, ал ол болмаған жағдайда, өздігінен арнайы жедел жоспарын қолданысқа енгізу және қылмыскердің қозғалыс бағыты бойынша жолдарды жабады;

9) қылмысқа әскери қызметшінің қатыстылығы анықталған жағдайда бұл туралы әскери прокурорға, әскери бөлімнің кезекшісіне хабарлау және қылмысты ашу мен қылмыскерді ұстau жұмысында өзара іс-қимыл жасасуды ұйымдастырады.

Параграф 9. Зорлау

119. Зорлау туралы хабарлама (арыз) алған кезде жедел кезекші:

1) арызданушыдан:

қылмыс жасалған уақытты, оның анықтау мән-жайларын;

қылмыскердің белгілері мен анықтамалық деректерін (егер болса);

қылмыскердің киімі мен денесінде қандай іздер қалуы мүмкін екендігін;

қылмыскерлер жасырынып қалса, кеткен жолын және жасырынуы мүмкін жерлерді нақтылайды;

кейіннен қарау және қылмыскер қалдырған іздерді анықтау үшін киімді сақтау - денесін жумау керектігі туралы жәбірленушіні ескертеді;

2) жәбірленушінің анықтамалық деректерін (тегін, атын, әкесінің атын, тұрғылықты жерін), ал егер хабарлама жәбірленушіден келіп түспесе, арызданушының тегін, атын, әкесінің аты мен мекенжайын (тұрғылықты жерін) нақтылайды;

3) хабарламаны ӨЕАК-ге тіркейді;

4), зорлау туралы ақпарат расталғаннан кейін оқиға орнына ПҚК-ның жақын жердегі жасақшаларын жібереді;

5) жәбірленушіге (қажет болған жағдайда) шұғыл медициналық көмек көрсетуді және қылмыс іздерінің сақталуын және жәбірленушінің киімдерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

6) жәбірленушіні қуәландыру және оның киімін тексеру үшін сот-медицина сарапшысын шақырады;

7) оқиға туралы ішкі істер органының бастығына немесе оны алмастыратын адамға баяндайды;

8) оқиға орнына КЖТТ-ның, участкесінде қылмыс жасалған участкелік полиция инспекторын тез арада жібереді;

9) қылмыскердің белгілері мен оны іздестіру туралы:

ПҚК-ның барлық жасақшаларына;

участкелік полиция инспекторларына;

медицина мекемелеріне (егер қылмыскер қылмыс жасау кезінде жарақат алды және медициналық көмекке жүгінуі мүмкін деген деректер болса) бағдар береді;

10) егер қылмыскердің жеке басы және жасырынған бағыты белгілі немесе анықталған болса, қарамағында қолда бар күштермен және құралдармен оны қудалауды және ұстауды ұйымдастырады;

11) қылмыскерлерді іздестіру үшін маңызы бар, жаңадан алынған ақпаратпен алмасу үшін оқиға орнына шыққан КЖТТ-мен ұдайы байланыс жасауды қамтамасыз етеді;

12) қылмыс жасауда күдікті ұсталған жағдайда, оны медициналық қуәландырғанға және кимін тексергенге дейін оның қылмыс іздерін жоюына жол бермейді;

13) қылмысқа әскери қызметшінің қатыстылығы анықталған жағдайда бұл туралы әскери прокурорға, әскери бөлімнің кезекшісіне хабарлау және қылмысты ашу мен қылмыскерді ұсташа жұмысында өзара іс-қимыл жасасуды ұйымдастырады.

Параграф 10. Алаяқтық

120. Алаяқтық туралы хабарлама алған кезде жедел кезекші:

1) арызданушыдан:

алаяқтық жасау уақыты, орны, мән-жайлары мен тәсілін;

қылмыскердің белгілері мен оның болуы мүмкін жерлерді (егер арызданушыға белгілі болса);

жәбірленушінің, ал бұл туралы басқа адам хабарласа, арызданушының тегін, атын, әкесінің атын және түрғылықты жерін нақтылайды;

2) хабарламаны ӨЕАК-ге тіркейді;

3) оқиға орнына ПКК жасақшаларын жіберу, алаяқтық туралы ақпарат расталғаннан кейін ішкі істер органының бастығына немесе оны алмастыратын адамға баяндайды;

4) егер қылмыскердің жеке басы және жасырынған бағыты белгілі немесе анықталған болса:

қолда бар күштермен және құралдармен оны қудалауды және ұстауды ұйымдастырады;

қылмыскердің белгілері мен оны іздестіру туралы барлық ПКК жасақшаларына; участекелік полиция инспекторларына бағдар береді.

Параграф 11. Айдал әкету

121. Автомотокөлікті айдал әкету туралы хабарлама алған кезде жедел кезекші:

1) арызданушыдан:

айдал әкету уақытын, орнын, мән-жайларын;

автомотокөліктің түрін, маркасын, мемлекеттік нөмірлік белгілерін, жеке белгілері мен ведомстволық тиесілігін;

- қылмыскердің белгілері мен кеткен жолын (белгілі болса);
арызданушының (жәбірленушінің) тегін, атын, әкесінің атын, тұрғылықты жерін нақтылайды;
- 2) хабарламаны ӨЕАК-ге тіркейді;
 - 3) оқиға туралы ішкі істер органының бастығына немесе оны алмастыратын адамға, жоғары тұрған органның жедел кезекшісіне баяндайды;
 - 4) егер айдал әкету сәтінен бастап көп уақыт өтпесе, "Тосқауыл" арнайы жедел жоспарын енгізу және қосымша бекеттер қою арқылы қаладан (ауданнан) шығатын жолдарды жабуды үйимдастырады;

5) айдал әкетілген автомотокөліктің түрін, маркасын, ведомстволық тиесілігін, мемлекеттік нөмірлік белгісін, қозғалтқыш, шасси нөмірлерін, шанақ түсін, басқа да жеке белгілерін, сондай-ақ айдал әкету уақыты мен қылмыскерлердің белгілерін (белгілі болса) көрсетіп, айдал әкету туралы көршілес ішкі істер органдарына, басқа ішкі істер органдарына бағдар беруде көмек көрсету туралы жоғары тұрған ішкі істер органының жедел кезекшісіне хабар беріп, қажет болған жағдайда, қылмыскерлер баруы мүмкін ықтимал бағыттағы басқа да аудандардың жолын жабады;

6) қылмыскерлерді және айдал әкетілген автомотокөлікті іздестіру, сондай-ақ олардың белгілері туралы:

- ПКК жасақшаларының барлық тұрлеріне;
учаскелік полиция инспекторларына;
жол полициясының жедел-іздестіру бөліністеріне бағдар береді;
- 7) оқиға орнына КЖТТ-ның шығуын қамтамасыз етеді;
 - 8) қылмыскерлердің ықтимал кету жолдарын жабатын қызметкерлермен, сондай-ақ бекеттер мен бағыттарда қызмет өткөріп жүрген жол полициясы қызметкерлерімен үдайы байланысты қамтамасыз етеді;
 - 9) айдал әкетуге әскери қызметшінің қатыстылығы анықталған немесе әскери көлік айдал әкетілген жағдайларда бұл туралы әскери прокурорға, әскери бөлімнің кезекшісіне дереу хабарлау және қылмыскерлердің және айдал әкетілген автомотокөлікті іздестіру бойынша өзара іс-қимыл жасасуды үйимдастырады.

Параграф 12. Жол-көлік оқиғасы

122. Жол-көлік оқиғасы туралы хабарлама алған кезде жедел кезекші:
- 1) арызданушыдан:
жол-көлік оқиғасының уақыты, орны, мән-жайлары, түрі, мемлекеттік нөмірлік белгілері мен жол-көлік оқиғасына қатысқан автомотокөліктің тиесілігін анықтайды;
 - қаза тапқандар мен зардап шеккендер болса, олардың жағдайын және осы уақытта олардың қайда екенін, қажет болған жағдайда, медицина қызметкерлерін (жедел жәрдем) шақырады;

егер жүргізуші оқиға орнынан кетіп қалса, оның қозғалыс бағыты мен белгілерін (белгілі болса);

жүргізушінің, арызданушы мен қуәлардың анықтамалық деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері) нақтылайды;

2) жол-көлік оқиғасы туралы хабарламаны ӨЕАК-ге тіркейді;

3) жол-көлік оқиғасы туралы ақпарат расталғаннан кейін ішкі істер органының бастығына (оны алмастыратын адамға) баяндайды;

4) құрамында:

адам зардап шексе (қаза тапса) ішкі істер органының бастығы, оны алмастыратын адам;

анықтаушы;

жол-патрульдік полиция бөлінісінің бастығы немесе оның орынбасары;

маман-криминалист;

егер жүргізуші оқиға орнынан кетіп қалса, ЖПҚ жедел-іздестіру қызметінің қызметкерінің оқиға орнына шығуын ұйымдастырады;

5) егер жәбірленуші медициналық мекемеде болса, оқиғаның мән-жайларын және жүргізуші мен көлікті (кетіп қалса) іздестіру үшін қажетті мәліметтерді анықтау үшін ЖПҚ жедел-іздестіру қызметкерін немесе анықтаушыны жібереді;

6) егер жол-көлік оқиғасын жасаған жүргізуші оқиға орнынан кетіп қалса:

Арнайы жедел жоспарын енгізу және арнайы жедел жоспарға сәйкес қосымша бекеттер қою арқылы қаладан (ауданнан) шығатын жолдарды жабады;

сол бағытта кеткен жүргізушіні ұстau мақсатында көршілес ішкі істер органдарына бағдар береді;

егер кетіп қалған автомотокөліктің нөмірлік белгісі толық немесе ішінара белгілі болса, қолда бар есептер бойынша көліктің кімге тиесілі екендігін анықтайды;

егер көлік құралы басқа ауданда, қалада есепте тұрса, іздестірудегіні ұстau үшін тиісті ішкі істер органына тез арада бағдар беру қажет;

7) жол-көлік оқиғасы, автомотокөліктің нөмірі, маркасы және түрі, оның белгілері мен жүргізушінің белгілері (егер олар белгілі болса) туралы:

ПКК-ның барлық жасақшаларына;

учаскелік полиция инспекторларына;

көршілес ішкі істер органдарына бағдар береді;

8) көлік пен жүргізушіні іздестіру үшін маңызы бар, жаңадан келіп жатқан ақпаратпен алмасу мақсатында оқиға орнына шыққан КЖТТ-мен ұдайы байланыс жасауды қамтамасыз етеді;

9) жол-көлік оқиғасына әскери қызметші қатысты болса, бұл туралы әскери прокурорға, әскери бөлімнің кезекшісіне хабарлау және кетіп қалған жүргізуші мен автомотокөлікті іздестіру мен ұстau бойынша өзара іс-қимыл жасасуды ұйымдастырады.

Параграф 13. Топтық бұзақылық

123. Топтық бұзақылық туралы хабарлама алған кезде жедел кезекші:

1) арызданушыдан:

оқиғаның уақытын, орнын, мән-жайларын;

топтық бұзақылыққа қатысқан адамдардың болжамды санын және оларда қарудың бар-жоғын;

арызданушының тегін, атын, әкесінің атын, тұрғылықты жерін нақтылайды;

2) егер оқиға орнында зардап шеккендер болса, қажет болған жағдайда, медицина қызметкерлерін (жедел жәрдем) шақырады;

3) хабарламаны ӨЕАК-ге тіркейді;

4) оқиға орнына ПҚҚ жасақшаларын жібереді;

5) оқиға туралы ішкі істер органының бастығына, оны алмастыратын адамға баяндайды;

6) топтық бұзақылық туралы ақпарат расталғаннан кейін оқиға орнына КЖТТ жібереді;

7) мыналарды:

бұзақылық іс-әрекеттерді бастағандарды, арандатушылар мен белсенді қатысушыларды анықтауды, ұстауды;

